

"Мал және аң шаруашылығы объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"

санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 143 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3630. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған "Мал және аң шаруашылығы объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*М и н и с т р д і ң
міндетін атқарушы*

" К Е Л І С І Л Д І "

**Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі**

2005 жылғы

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
м. а 2005 жылғы 24 наурыздағы
N 143 бұйрығымен бекітілген

"Мал және аң шаруашылық нысандарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар

1. Жалпы ережелер

1. "Мал және аң шаруашылық нысандарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мал және аң шаруашылық нысандарының аумағына, жарықтандырылуына, шуға, дірілге, жылумен қамтамасыз ететін, желдету, сумен қамтамасыз ететін жүйелерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды және өндірістік қалдықтарды, малдың қиын шығаруға, мал дәрігерлік-санитарлық тәртіптің сақталуына және химиялық заттарды қолдану жағдайына қойылатын талаптарды анықтайды.

Осы санитарлық ережелердің талаптары үлкен, кіші мүйізді малдарды, шошқалар мен аңдарды (түлкіні, су тышқанын, қояндарды және басқаларын) өсірумен және жемдеумен шұғылданатын нысандарға таралады.

2. Осы санитарлық ережелерде төмендегідей терминдер мен анықтамалар қ о л д а н ы л д ы :

- 1) аэротенк - ағын суды биологиялық жолмен тазалауға арналған қондырғы;
- 2) бұрт - жал тәрізді үйілген малдың қиы сақталатын жер;
- 3) биологиялық әуіт - ағын суды биологиялық соңғы тазалаудан өткізуге а р н а л ғ а н қ ұ р ы л ы м ;
- 4) дезакаризация - кенелерді жоюға бағытталған шаралар;
- 5) мал өлексесін көметін орын - топырақ үйіндісімен қоршалған, өлген малды көмуге (жоюға) арналған шұңқыр.

2. Шаруашылықтардың аумағына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Мал және аң шаруашылық нысандарын (бұдан әрі - нысандар) орналастыру үшін құрылыс жүргізетін учаскені таңдағанда, оның үй-жайларының құрылысын

салғанда, санитарлық-қорғау аумағын анықтау үшін желдің басымды бағытын, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мүмкіндігін, ағынды суларды жинап және малдың қиын басқа жаққа шығару керектігін еске ала отырып жүргізу керек.

Жер асты суларының деңгейі жер бетінен кем дегенде 1,5 метр (бұдан әрі - м) тереңдікте жатып, ол батпақты жермен шектеспеуі керек.

Учаскенің, тиісті аумақтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органы берген, санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болуы керек.

4. Шаруашылықтың аумағы толық қоршалып, нысанның өндірістік қуаттылығына және ерекшелігіне қарай бірнеше кірер жолдар қарастырылуы керек. Аумаққа кірер жерде зарарсыздандырғыш барьерлер қойылған санитарлық өткізгіші бар бақылау-өткізу пункті болуы керек.

Санитарлық-қорғау аумағының мөлшері осы ережелерге берілген 1-қосымшада көрсетілген. Санитарлық-қорғау аумағының сырт жағының өн бойында екпе көгалды жолақ болуы керек.

5. Нысан аумағы, әкімшілік, шаруашылық аумағына, дайындау және жемдерді сақтау, қи жинағыш және мал өлексесін көметін орындарға бөлінеді.

6. Малдарды жаятын алаңының беті тегіс, сиыр қораларға, сауатын және сүт жинақтайтын бөлімшелерге кіретін жолдар бетінің қатты қабаты болып, қоймалжың затты сіңірмейтін, ағынды су ағатын еңісі болуы керек.

7. Өндірістік қуаты 50 бастан жоғары ұйымдардың құрылысын жүргізу және пайдалану барысында малдәрігерлік саладағы мемлекеттік өкілетті органмен белгіленген талаптарға сәйкес жабдықталған өлген малды көметін орын қарастырылуы керек. Жергілікті жерде бірнеше малшаруашылығы ұйымдары болса, онда өлген малды көметін бәріне ортақ бір орын қарастыруға болады.

Өлген малды көметін орын елді мекеннен бөлек, адамдар, үй жануарлары және жабайы аңдар кіре алмайтын жерде орналасуы керек.

8. Мал жайылатын алаңдардан және тұрақты байлау орындарынан жиналған қиларды жинайтын арнайы орын болуға тиіс.

9. Қи жинайтын орын қоршалып, ферманың үй-жайларының ық жағынан, рельефі бойынша төмендеу, малдар орналасқан жайлардан 100 м қашықтықта орналасуы керек.

10. Ауладағы дәретханалар және тазаланылатын су жиналатын шұңқырлар сиыр қоралардан және басқа жайлардан 25 м қашықтықта орналасуға тиіс. Тазаланылатын шұңқырлар мен дәретханалар 2/3 бөлігі толған кезде тазартылып отырылуы керек.

11. Шаруашылықтың аумағы таза ұсталынып, ластануына қарай тазаланып, кем дегенде айына бір рет тазартылып отырылуы керек.

12. Шаруашылық ішіндегі жолдар торабын жоспарлағанда малдардың қиын, өлексесін, сойылған малдың қалдықтарын және жұқпасы бар материалдарды тасымалдайтын жолдар сау малдарға жем-шөп тасымалдайтын жолдармен қиылыспау мүмкіндігін қарастыру керек.

13. Шаруашылыққа бөтен малды алып келу және оларды күтіп ұстау қолданыстағы малдәрігерлік ережелердің талаптарына сай (малдәрігерлік-санитарлық) жүргізілуге тиіс.

14. Нысандарда жоспарлы түрде дератизациялық шаралар жүргізіліп, жер учаскелері тазаланылып, арам шөптерден тазаланылып, аумақ уақытында жиналып, үй-жайлар уақытында жөндеуден өтулері керек.

3. Жарықтандыруға, шуға, дірілге, жылыту, желдету жүйелеріне және сумен қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

15. Орындалатын жұмыстың сипатына қарай өндірістік және қосымша үй-жайлардағы табиғи және жасанды жарық көздерінің жарық беруі 60-150 люкс (бұдан әрі - лк) шамасында болуы керек.

16. Жұмыс атқарып жатқан жылыту-желдету жүйелерінің қондырғыларынан шыққан шу мен дірілдің деңгейін нормаланған шектен аспауы керек.

17. Жылыту және желдету жүйелерін жобалағанда қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерінің (бұдан әрі - ҚНЖЕ) талаптарына сай жүргізілуі керек. Желдету жүйесінің агрегаттары оқшауланған үй-жайларды (желдету камералары, шахта) орналастырылуы керек. Қысқы мезгілде сыртқы ауаның температурасы -20°C төмен болатын аумақтарда, сыртқы қақпа мен ішке кіретін жерде кіреберіс немесе жылы ауа пердесі қарастырылуға тиіс.

18. Малдарды ұстауға арналған үй-жайларды жылыту жүйесін жобалағанда жаққан отынның өнімдері ауаны ластамайтындай болуы керек.

19. Қазандық өндірістік үй-жайлардың ық жағында орналасуы керек.

20. Желдету жүйесінің сорып-шығаратын конструкциясы ауаның тазалығын тексеруге сынама алатын жерде қолданыстағы нормативті құжаттардың талаптарына сай болып, ауаны ластамауы керек.

21. Шаруашылық - ауыз суға арналған сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі судың сапасы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 28 шілдедегі N 506 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрге N 2999 тіркелген (бұдан әрі - N 506 бұйрық) "Орталықтандырылған жолмен ауыз сумен

камтамасыз ететін судың сапасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай болуы керек.

22. Орталықтандырылған сумен қамту жолы қарастырылмағанда, су тасып әкелініп, қақпағы жабылатын сыйымдылықтарда сақталынуы керек. Тасып әкелінетін судың сапасы N 506 бұйрықтың талаптарына сай болуы керек.

23. Өндірістік мақсат үшін техникалық суды пайдаланады. Ауыз су мен өндірістік суларға арналған су құбыры бөлек болып, бірінен-бірі ажыратылатын бояулармен боялуы керек. Бұл екі жүйе бірімен-бірі қосылмауы керек. Шаруашылық-ауыз суға арналған су құбырлары тотығуға қарсы материалдардан істелініп, немесе тотығудан қорғайтын материалдармен жабылуы керек. Су жіберетін орындарда "ауыз су" және "техникалық су" деген жазулар болуы керек.

24. Малдарға арналған үй-жайлар су ішетін науамен, еденді жуу үшін су алатын шүмектермен жабдықталуы керек.

4. Өндірістік ағын сулар мен мал қиларын тасып әкетуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

25. Үй-жайларды жинап-тазалау және зарарсыздандыру барысында пайда болатын өндірістік ағынды сулар су өткізбейтін бетондалған араластырғышы бар сыйымдылықтарға жиналынып, ол жерде бейтараптандырылып, залалсыздандырылып, жергілікті тазалау қондырғыларында тазаланып, жер суғаруға пайдалану үшін жіберілуі керек.

26. Сұйық малдың қиын, құрамында малдың қиы бар ағынды суларды тазалау, залалсыздандыру және қайта өңдеу үшін мал дәрігерлік-санитарлық ережелерге сай жүйе қарастырылуы керек.

27. Мал шаруашылығына арналған нысандардың канализация жүйесі әртүрлі (өндірістік-тұрмыстық, малдың қиына, жауын-шашын суларына арналған) болуы керек. Оларды аумақтан әкеткенде және тазалағанда біріктіруге болады.

28. Малдың қиын механикалық, гидравликалық немесе пневматикалық ж о л д а р м е н т а з а л а й д ы .

Малдың қиын механикалық жолмен тазалағанда қырғыштар, транспортерлерді, бульдозерлерді, гидравликалық және пневматикалық жолдармен тазалағанда арнайы құралдарды пайдалануға болады. Малдың қиын жинайтын орынның түбі мен қабырғалары тегіс болып, темірмен қапталынып, су өткізбеуі керек. Гидравликалық және пневматикалық жолдармен малдың қиын тазалағанда сұйық мал қиы жүретін каналдың және олардың жиналатын жерде гидравликалық затвор және перде болуы керек. Каналдың өн бойында әрбір 50м кейін диаметрі 150 мм болатын сорып-шығаратын тік құбырлар қойылуы керек.

Каналдың ұзын бөлігінің көлденең бөлікпен қиылысатын жерінде ашып қарайтындай терезе қарастырылуы керек. Ғимараттан шыққаннан кейін құбырмен өзі ағатын трассадағы құбырлардың әрбір 50 м кейін, оларды қарайтын құдықтар қарастырылуы керек.

29. Каналдарды малдың қиынан тазалау үшін техникалық суды қолдану керек

30. Малдың қиын жинайтын орын нысанның маңында немесе бос алаңға орналасу керек. Малдың қиын жинайтын орындағы қидың көп мөлшері сұйық қиды топыраққа сіңіру мүмкіндігі жоқ жыл мезгіліне байланысты дегенмен қиды жинау мөлшері 6 айдан аспауы керек. Қи жинайтын орын жан-жағынан қоршалынып, көліктің келіп, шығатын жолдары болып, сұйық қиды тиейтін сорғыштар болуы керек. Сұйық қиды жинайтын қи жинау орынның тереңдігі 3 м, ені 15-20 м болып, түбі көлбеу болып, бетондалуы керек.

31. Тазарту жүргізетін ғимараттардың 2 қосымшаға сай санитарлық-қорғау аумағы болуы керек. Малдың қиын өңдейтін ғимарат аумағы биіктігі кем дегенде 1,5 м қоршаумен қоршалып, көгалды екпемен қорғалып, көркейтіліп, көгалдандырылып, жарықтандырылуы керек. Көлік жүруге және кіріп-шығуға арналған жолдың кеңдігі кем дегенде 3,5 м ал, бетінің қатты қабаты болуға тиіс. Егілген ағаштан жасалған қорғаушы жолақтардың ені егістік танаптар үшін кем дегенде 10 м, ал сұйық қи қосып суғарылатын алқаптар үшін - 30 м болуы керек.

32. Мал қиының қатты түрі, малдың астына төселген материалдар жал түрінде жиналып, биотермикалық зарарсыздандырудан өткізіліп, әрі қарай егістік алқаптарда іске жаратылады. Жалдар су өтпейтін, үстінде қатты қабаты бар алаңдарда орналастырылады. Жалдардың биіктігі 2 метрден артық болмай, ені 2,5 метрге дейін, ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін, жалдың үстінен және айналдыра 15-20 см қалыңдықта топырақпен көміледі. Малдың қиын жал түрінде ұстау уақыты, оның барлық бөлігіндегі температура 60°C жеткенде, жылдың жылы кезеңінде кем дегенде 1 ай және жылдың суық кезеңінде кем дегенде 2 ай болуға тиіс.

33. Мал қиының сұйық бөлігін жабық жинағыштарда сақтағанда, олардың ашылатын қақпағы болып, қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сай, табиғи және сорып-шығаратын желдету жүйесі болуы керек.

34. Мал қиының сұйық түрі сыйымдылықта жиналып, әрі қарай тазалау құрылғыларына беріледі, содан кейін ғана оны ауыл шаруашылығы үшін қолдануға болады. Тазартқыш құрылғылардың құрамында белсенді тұнбаға арналған су өткізбейтін жинауыштар қарастырылуы керек. Егістік алаңдар аз болғанда және қиға қосуға су жеткіліксіз болған жағдайда мал қиының биологиялық өңдеуден өткен сұйық түрін, сол сияқты, шаруашылық-нәжісті

құрылғыға баратын ағын суды қолдану (қиды сұйылту үшін) керек. Биологиялық өңдеу аэротенкте, әрі қарай тазалау биологиялық әуітте жүргізіледі.

35. Әуіттің құрылымын жобалағанда, оны кезеңді түрде тазартып отырылу қарастырылуға тиіс.

36. Малдың арасында зоонозды жұқпалы аурулар пайда болғанда, оның қилары малдәрігерлік санитарлық ережелерге сәйкес зарарсыздандырылуы керек .

37. Малдың жартылай сұйық, сұйық қиларын ашық сақтау орындарында биологиялық әдіспен зарарсыздандыру мерзімі ірі қара малының қиы үшін - 6 ай, шошқа өсіретін кәсіпорын үшін - 12 ай.

38. Мал жаятын орындардан және нысандардың аумағындағы жаңбыр және еріген қар суларын жинап, тазартып және қайта өңдеуге жіберілуі керек.

39. Малшаруашылық нысандарын іске қосарда, оның тазарту құрылғылары дайын болып, пайдалануға бірге берілуі керек.

40. Қалдықтармен тыңайтылатын учаскелер ашық су қоймалары және су ағындысының жағалауларынан жал арқылы бөлінуге тиіс. Шыққан ағын суды әуіт-жинағыштарға жіберу немесе қайта суғаруға қолдану керек. Суғару танаптары ретінде пайдалану үшін тасты, қиыршықты және тұзы қатты шыққан топырақтан басқа түрлерінің бәрі жарайды.

41. Малдың сұйық қиын және қидың ағынды суын тыңайтқыш ретінде қолдануға, егер ауыл шаруашылығы алқаптары төмендегідей орналасқан жағдайда, рұқсат етілмейді:

1) санаториялық-сауықтыру мекемелерінің санитарлық қорғау аумағының шегінде орналасса;

2) шаруашылықты сумен қамтамасыз ететін жерасты су көздерінің санитарлық қорғау аумақтарындағы 1-2 белдеуі орналасқан аумақта;

3) жер үсті су көздерінен су алатын орнынан 1 км радиуста орналасса;

4) ауыз суға арналған жерасты суларының қорғалмаған бөлігі орналасқан ауданда.

42. Тазартылған ағын суларды ашық су қоймаларына жіберуді санитарлық-эпидемиологиялық немесе басқа да бақылау жүргізетін органдармен келісілген жағдайда ғана жіберіледі.

5. Өндірістік, қосымша үй-жайларға, құрал-жабдықтарға және мал дәрігерлік-санитарлық тәртіпке қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

43. Өндірістік үй-жайларда орнатылған ультра-күлгін сәулесімен емдеу жүргізетін құрылғылар және оны қолдану мал дәрігерлік-санитарлық талаптарға сәйкес жүргізілуі керек.

44. Малдарды ұстайтын үй-жайлардың қабырғасы және төбесі құрғақ және едені тайғанамайтын, ағып-таматын сұйық және зарарсыздандыратын сұйық заттардың әсеріне шыдамды болуы керек.

45. Құрылымдық элементтері, олардың көлемі және орналасуы қызмет көрсету аумағында жұмысшыға еңбек операцияларын атқару барысында еркін жүріп-тұруын, өтуін, ыңғайлы және қауіпсіз қимылдар жасауын қамтамасыз етуі керек.

46. Қалқандар, шкафтар, технологиялық үдерістерді, құрал-жабдықтарды, басқару пульттері жеке залдарда немесе үй-жайларда (кабинетте) орналасуы керек.

47. Азықтандыру цехы малшаруашылығы ұйымдарына қарағанда рельефі жағынан биік және жел жағында орналасуға тиіс.

48. Азықтандыратын цехтардың құрамында: өндірістік корпус, шикізат және дайын өнімдерге арналған қоймалар, ірі шөптерді сақтайтын алаң, қабылдайтын және жіберетін құрылғылар, таразы, қазандық, трансформаторлық қосалқы станция, өртке қарсы резервуар, сұйық отын қоймасы қарастырылуы керек. Өндірістік корпусының құрамында санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар және арнайы киімдерді шаңнан тазартып және кептіретін үй-жайлар қарастырылуға тиіс.

49. Азықтандырудың өндірістік цехтың ішінде шу, діріл және тозаңның деңгейін төмендетуге арналған шаралар қарастырылуға тиіс.

50. Малшаруашылығы өнімдерінің сапасын, ағын суларды тиімді тазалауға бақылау жүргізуді малдәрігері саласындағы мемлекеттік өкілетті органның зертханасы жүзеге асырады.

51. Санитарлық өткізгіштен және малшаруашылығы үй-жайларынан шығатын және кіретін барлық жолдар зарарсыздандыратын төсеніштері бар ойықтармен жабдықталуға тиіс.

52. Кезеңді түрде, бірақ аптасына кем дегенде 1 рет санитарлық блоктың барлық үй-жайлары тазартылып, артынан белгіленген тәртіпте қолдануға рұқсат етілген дәрмектермен зарарсыздандырылады.

53. Малшаруашылығы ұйымдарында ауру малды соятын орын және сау малды соятын орын (пункт) болуға тиіс. Мал соятын орындарды ұйымдастыруға, оның жұмыс тәртібіне қойылатын талаптар малдәрігерлік саладағы өкілетті органмен белгіленеді.

54. Мал соятын пунктте мыналар болуға тиіс: малды қамауға арналған ашық қора; мал соятын үй-жай; малдың ұшасын бөлек сақтауға және жинап алған ет

өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш камералары; шартты түрде жарамды еттерді зарарсыздандыруға арналған үй-жай.

55. Мал соятын санитарлық пункттер малдарды ұстайтын аумақтан кем дегенде 500 м қашықтықта орналасуы керек. Аумақ көркейтіліп, қоршалып және "таза" және "лас" бөліктерге бөлінуі керек. Үй-жайдың құрамына кіруге тиіс: малды соятын бөлімше, жарып көретін пункт, тоңазытқыш камера, қосымша үй-жайлар. Барлық үй-жайларға ыстық және суық су құбырлары келіп тұруға тиіс. Санитарлық мал соятын орыннан шыққан ағын сулар арнайы қабылдағышта жиналып, әрі қарай зарарсыздандырылуы керек. Мал соятын учаскеде су өткізбейтін, сойыс қалдықтарын жинайтын сыйымдылықпен жабдықталуы керек.

56. Нысанның қосымша ғимараттары мен имараттарының құрамына мыналар кіруі керек: санитарлық өткізгіш, көлікті өңдеуден өткізетін зарарсыздандыру блогы, кір жуатын орны, асхана немесе ас қабылдайтын бөлме.

57. Санитарлық өткізгіш негізгі өндірістік ғимараттармен кіреберіс арқылы (галерея) қосылу керек. Оның құрамына мынандай үй-жайлар кіруі керек: киім ілетін орын, дәретханасы бар себезгі бөлмесі, әйелдердің жеке басының гигиенасын сақтайтын бөлме.

58. Кір жуатын орынға арналған үй-жай арнайы киімдерді зарарсыздандыратын камерамен жабдықталуы керек. Өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің арнайы киімі санитарлық мал соятын орында және тазалау қондырғыларында жұмыс істейтіндер үшін үш күнде 1 рет залалсыздандырылып, жуылуы керек, ал басқа жұмысшылар үшін бұл жұмыстар 6 күнде 1 рет.

59. Ластанған арнайы киімдерді жинау және зарарсыздандыру үшін, жуу орнына апару жабық ыдыстарда жүргізіледі. Арнайы киімдерді үйде жууға болмайды.

60. Азықтандыру цехтарының, мал соятын жердің, тазалау қондырғыларының, жөндеу мастерскойларының және қазандықтардың қасында өздерінің санитарлық-тұрмыстық үй-жайлары болуы керек.

61. Азықтандыру цехтарында арнайы киімнің шаңның кетіретін қондырғысы бар үй-жай қарастырылуы керек. Мал соятын, тазалағыш қондырғылар орналасқан жерде арнайы киімдер мен аяқ киімді кептіретін үй-жай қарастырылуы керек.

62. Малдарды ұстайтын қораларда дәретханасы мен қол жуғышы бар жұмыскерлерге арналған үй-жай болуы керек.

63. Мал өрісінде және жайлауда жұмыс істейтін шабандарға 24 айға жарайтындай су өткізбейтін мақта-матадан жасалған плаш, керзі етік, мақтадан жасалған куртка мен шалбар, 36 айға жарайтын тон, пима және бас киімдер берілуі керек.

6. Мал шаруашылығында химиялық заттарды қолдануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

64. Малдарды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау үшін химиялық заттар, мал шаруашылығында қолданылуы рұқсат етілген дәрмектер тізбесіне сәйкес, әр дәрмекке қатысты нұсқауды сақтай отырып, зиянкестің түрлерін және малдың жасын, емдейтін тері бетінің сапасын ескере отырып, қолданылуға тиіс.

65. Ауыл шаруашылығы малдарына химиялық заттар мен қорғану құралдарын қолдану жөніндегі жұмыстар стационарлы қондырғылармен және қол бүріккіштер арқылы жүргізіледі. Қолмен бүрку (гидропульт, автомакс) топты малды емдегенде және қосымша үй-жайларды дәрілегенде қолданылады.

66. Малдарды дәрілейтін алаң тегіс жерде, жерасты сулары деңгейінен кем дегенде 1,5 м биіктікте, қолданылған ерітіндінің қалдығын жинауға арналған бетондалған резервуарға еңістеу, орналасып, елді мекеннің ық жағынан 1000 м, табиғи және жасанды су қоймаларынан, жайылымдық, пайдаланатын жерлерден, малдың қора-жайларынан 200 м қашықтықта орналасуға тиіс.

Олар алаңдардан бетондалған сыйымдылыққа баратын жолда еңіс болып, алаңның ық жағында орналасып, қалдық сулар сонда жиналуы керек.

67. Агрегаттар, шомылдыратын ванналар, жуынатын себезгілер, малдарды дәрілейтін алаңдар, оларды қамап, ұстайтын қоршаулар тегіс жерде, жерасты суларынан 1,5 м биіктікте, қолданылған суларды ағызуға арналған еңісі бар, елді мекеннің ық жағынан, 500 м, су қоймалары мен жайылымдықтардан 200 м қашықтықта орналасуы қажет.

68. Пестицидтерді, бүрікетін аппараттарды және басқа саймандарды сақтау, санитарлық талаптарға жауап беретін, малдың қора-жайларынан 200 м қашықтықта, орналасқан арнайы қоймаларда рұқсат етіледі. Азық-түлікпен, дәнді дақылмен және басқа ауыл шаруашылығында қолданылатын заттармен бірге бір қоймада сақтауға болмайды.

69. Малдарды және оларды ұстайтын қора-жайларды етте және майда жинақталатын және жағымсыз иісі бар, әсері тұрақты пестицидтермен дәрілеуге болмайды.

70. Қора-жайлардың ішінде малдар, құрал-жабдықтар болып және мал азығы жиналған орында, олардың ішін зарарсыздандыруға болмайды. Зарарсыздандыру кезінде жем-шөп салатын, су ішетін астауларды жауып қою керек. Пестицид шашырап кеткен жағдайда оларды зиянсыздандыратын заттарды қолданып, жуу керек. Дәріленген қора-жайларға, оның ішін 2-3 сағат бойы желдетіп және еденін, қабырғасын, торларын зиянсыздандыратын заттарды қолдана отырып жуғаннан кейін, оған малдарды кіргізуге рұқсат етіледі.

71. Дәріленген малды және құсты лажсыздан сою керек болған жағдайда, оны жүзеге асыру мәселесі мал шаруашылық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің келісімімен, зертханалық тексерудің негізінде ғана шешіледі.

72. Пестицидтермен жұмыс істеу барысында жеке қорғану құралдарын қолдану керек (комбинизон, алжапқыш, қолғаптар, етіктер, резеңке көзілдірік, шаңтұтқыштар және басқалары).

73. Нысандарда жұмыс істейтін адамдарды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылы 12 наурыздағы N 243 бұйрығы және Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрінде N 2780 тіркелген "Алдын-ала және кезеңді медициналық тексерістерден өтетін өндірістік зиянды факторлардың, кәсіптердің тізімін бекіту туралы және алдын-ала медициналық тексерістерден өтетін зиянды , қауіпті факторалардың және өндірістік қолайсыз факторлардың әсеріне ұшырайтындарды міндетті түрде алдын-ала және кезеңді медициналық тексерістерден өткізудің нұсқауына " сай медициналық тексерістен өткізу керек.

Мал және аң шаруашылық
нысандарын күтіп-ұстауға
және пайдалануға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық
талаптар" туралы
санитарлық-эпидемиологиялық
ережелер мен нормаларға

1-қосымша

Малдарға арналған шаруашылықтары үшін санитарлық қорғау аумағының мөлшері

№	Нысандардың атауы	Санитарлық қорғау аумағының мөлш м
1	5 мың басқа дейін шошқаны өсіретін, бордақылайтын шаруашылық	1000
2	5 мың бастан жоғары шошқаны өсіретін, бордақылайтын шаруашылық	2000
3	5 мың бастан жоғары ірі қарамалдарды өсіретін және бордақылайтын шаруашылық	1000
4	1200-5000 дейінгі ірі қарамалдарды және 6000 дейінгі жас малдарды өсіретін және бордақылайтын шаруашылық	500
5	100-1200 басқа дейін мүйізді ірі қарамалды өсіретін және бордақылайтын шаруашылық	300
6	800-1200 ірі қарамалдардан сүт өндіретін шаруашылық	500

7	800 дейінгі ірі қарамалдардан сүт өндіретін шаруашылық	300
8	3000-5000 дейін қой шаруашылығы	300
9	Шошқа, сиыр, қой, құс, ат қоралары және 50 дейін аң өсіретін шаруашылық	50
10	Шошқа, сиыр, қой, құс, ат қоралары және 100 дейін аң өсіретін шаруашылық	100
11	100 көп аң өсіретін шаруашылықтар (бұлғын, түлкі және т.б.)	500
12	Қоян өсіретін шаруашылықтар	300

Мал және аң шаруашылық
нысандарын күтіп-ұстауға
және пайдалануға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық
талаптар" туралы
санитарлық-эпидемиологиялық
ережелер мен нормаларға

2-қосымша

Тазарту имараттары мен малдың қиын сақтайтын орыннан малдардың қора-жайлары мен тұрғын үй құрылыстарына дейінгі санитарлық арақашықтық мөлшері

Малдарды өсіретін және бордақылайтын кешендердегі малдың сұйық қиын өңдейтін құрылымдар	Шағын арақашықтық м	
	Малдардың қора-жайларынан	Тұрғын үй құрылыстарына
1. Шошқа шаруашылығында		
1) жылына 5 мың басқа дейін өсіру	60	1500
2) жылына 5 мың бастан жоғары	60	2000
2. Ірі қарамалдар		
1) 1200 басқа дейін	60	300
2) 5000 басқа дейін жас таналар	60	500
3) 5000 бастан жоғары жас таналар	60	1000
3. Фермалар мен кешендерге арналған ашық сұйық қи жинағыш		
1) барлық түрдегі, мөлшердегі және бағыттағы 5 мың бас дейінгі шошқаға	60	1500
2) 5 мың бастан жоғары шошқаға	60	2000
3) биологиялық өңдеуден өткен мал қиының сұйық түрінен	60	500
4) малдың астындағы қиын, үйінді қилар және мал қиының қатты түрін карантиндеуге арналған алаңдар	15	300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК